

Қазақстан Республикасы – Республика Казахстан

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-ның АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЬҚАТҒАН АЙЫПЫНДЫҒЫ
2022 ж. № 05 бұйрығы
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
05 04 2022

Акционерлердің жалпы жиналысымен
Бекітілді
2022 ж. «16» 03 № 32 хаттама



Утвержден
Общим собранием акционеров,
протокол № 32 от «16» 03 2022 г.

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-ның АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
тұлға мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілді
Алғашқы тіркелген күні 05.05.17
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
произведена государственная регистрация
юридического лица в 17.06.2003
Дата первоначальной регистрации 05.11.2001
БСН/БИН 0111140001654

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ
Акционерного общества
«Казахский университет международных отношений
и мировых языков им.Абылай хана»

Алматы
2022

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. “Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті” акционерлік қоғамы (осыдан ары қарай “Университет” деп аталады) Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Республика иелігіндегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық саладағы ұйымдарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру Ережелерін бекіту туралы” 1999 жылғы 18 тамыздағы №1191 және “Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің “Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті” Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта құру туралы” 2001 жылғы 23 тамыздағы №1099 қаулыларына сәйкес құрылды.
2. Университет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің “Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті” РМҚК-ның құқықты мирасқоры болып табылады.
3. Университеттің фирмалық атауы:
 - қазақ тілінде: толық - “Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті” акционерлік қоғамы, қысқашасы – “Абылай хан атындағы ҚазХҚӨТУ” АҚ;
 - орыс тілінде: толық - Акционерное общество “Казахский университет международных отношений и мировых языков им.Абылай хана”, қысқашасы - АО “КазУМОиМЯ им.Абылай хана”;
 - ағылшын тілінде: толық - "Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages" Joint Stock Company, қысқашасы - "Kazakh Ablai khan UIR&WL" JSC.
4. Университеттің атқару органының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050022, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мұратбаев көшесі, 200.
5. Университеттің қызмет жасау мерзімі шектелмеген.

2-бап. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

1. Университет заңды тұлға болып табылады. Университет заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен ие болады.
2. Университеттің мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі, дербес балансы, банктерде есеп-айырысу және басқа да шоттары болады. Университет өзінің тауарлық белгісі мен рәміздеріне ие болады, олардың үлгілері Университеттің Басқармасымен бекітіліп және белгіленген тәртіпте тіркелуі керек.
3. Университет өз қызметін осы Жарғы негізінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, “Білім туралы”, “Ғылым туралы”, “Акционерлік қоғамдар туралы”, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” Қазақстан Республикасының Заңдарына, білім беру және ғылыми қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.
4. Университет өз атынан кез келген мәмілелер жасасып, мүліктік және жеке беймүліктік құқыққа ие болуға, мойнына міндет алуға, сотта және қазылық сотта қуынушы, айыпкер және үшінші жақ ретінде болуға құқылы.
5. Университет өз қызметі үшін қажет тұрақ-жайларды, жерді, сол сияқты әр-қандай жылжымалы және Университеттің дербес балансы болады және ол толық дербестік, өзін-өзі қаржыландыру өзін-өзі ақтау, соның ішінде валюталық негізде әрекет етеді.
6. Университет Қазақстан Республикасының тіркеу органдарын кейін хабардар ете отырып Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде өз филиалдары мен өкілдіктерін, сондай-ақ басқа тұлғалармен бірлесіп шаруашылық серіктестіктерін және еншілес шаруашылық серіктестіктерін құруға құқылы.
7. Университет өз қызметі үшін қажет тұрақ-жайларды, жерді, сол сияқты әр-қандай жылжымалы және жылжымайтын дүние-мүлік салуға, сатып алуға, жалға алуға және жалға беруге құқылы.
8. Университет өз міндеттемелері бойынша өзінің дүние-мүлкі шегінде жауап береді.
9. Университеттің акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Университеттің қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

3-бап. УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ МӘНІ

1. Университет қызметінің мақсаты болып Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытуға жәрдемдесу, мемлекеттік және халықаралық оқыту үлгілеріне және қазіргі оқыту түрлеріне сәйкес мамандарда республиканың әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.
2. Университеттің негізгі міндеті – ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылыми және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қажетті жағдайларды жасау арқылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау.
3. Білім жүйе субъектісі ретіндегі Университеттің алға қойған міндеттері:
 - 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
 - 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;
 - 3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
 - 4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

- 5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;
 - 6) педагогтардың әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
 - 7) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;
 - 8) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;
 - 9) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;
 - 10) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;
 - 11) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасау болып табылады.
4. Университеттің құзыретіне мынадай функциялар:
- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
 - 2) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жұмыскерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын айқындау;
 - 3) профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
 - 4) білім беру қызметтерін көрсету шартының және кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарттың нысандарын әзірлеу және бекіту;
 - 5) дербес әзірленген оқу жүктемесі нормаларының, еңбекке ақы төлеу нысандары мен мөлшерлерінің негізінде білім беру қызметін жүзеге асыру;
 - 6) Университетке қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
 - 7) Университеттің даму бағдарламасын әзірлеу;
 - 8) білім алушыларға "бакалавр" және "магистр" дәрежелерін беру;
 - 9) кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
 - 10) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес білім алушыларды ауыстыру мен қайта қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
 - 11) білім алушыларға дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының, әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазының негізінде, босануына, бала асырап алуына байланысты бала үш жасқа толғанға дейін академиялық демалыстар беру;
 - 12) ішкі тәртіптеме қағидаларын әзірлеу және бекіту;
 - 13) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
 - 14) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік оқыту технологиясын ендіру;
 - 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;
 - 17) қаржылық-шаруашылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде жабдықтармен жарақтандыру;
 - 18) кадрларды кәсіптік даярлаудың заманауи нысандарын ендіру;
 - 19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті ұсыну жатады.
5. Университет қызметінің мәні:
- 1) халықаралық қатынастар, әлем тілдері және экономиканың басқа салаларына терең теориялық білімді, бойларына жоғары кәсіби даярлығы сіңген жоғары білімі бар кадрларын даярлау және қайта даярлау;
 - 2) халықаралық қатынастар, тіл білімімен, әлеуметтік ғылымдар саласында және басқа бағыттарда іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
 - 3) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - 4) спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу;
 - 5) дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізуді, спорттық және шығармашылық секциялар құру;
 - 6) білім беру процесін, зерттеулерді, тәрбиелік және әлеуметтік-мәдени қызметті қамтамасыз ету үшін баспа және полиграфиялық қызметі;
 - 7) халықаралық және республикалық деңгейдегі түрлі іс-шараларды: білім алушылар мен педагогтер арасындағы олимпиадаларды, жарыстарды, конкурстарды, конференцияларды, семинарларды ұйымдастыру мен оларға қатысу;
 - 8) технополистерді, технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, инновациялық орталықтарды, технологияларды коммерцияландыру және трансферттеу орталықтарын және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құру;
 - 9) білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді, оқыту технологиялары мен зерттеулерді әзірлеуге, сынақтан өткізуге және ендіруге қатысу;
 - 10) білім берудің барлық деңгейлері үшін цифрлық интерактивтік білім беру ресурстарын және оқу фильмдерін ұйымдастыру, жасау және дамыту;
 - 11) Қазақстан Республикасының ұйымдары мен шетелдік ұйымдардың қаржы ресурстарын тарта отырып инновациялық және инвестициялық жобаларды ұйымдастыру, қаржыландыру, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы жобаларды венчурлік қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу;

- 12) аударма қызметі: ғылыми, экономикалық, көркем әдебиеттердің, газет-журналдар мақаларын, құжаттамалардың ауызша және жазбаша түрлерін, конференциялардың ілеспе аудармаларын, сондай-ақ оларды шығару және тарату;
 - 13) заңнамада белгіленген тәртіпте жарғылық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
 - 14) халыққа ақылы курстар ұйымдастыру;
 - 15) Университеттің жарғылық қызметін қамтамасыз етуді мақсатқа қоя отырып және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама шеңберінде жарнама-ақпараттық, коммерциялық, делдалдық, сауда-саттық, сыртқы экономикалық қызметтерін жүзеге асыру.
 - 16) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.
6. Университеттің шұғылдану үшін лицензия (рұқсат қағазы, сертификаты) талап етілетін қызмет саласындағы құқық қабілеті әлгіндей құжат алынған сәттен туындап, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте қайтарып алынған, әрекет мерзімі біткен немесе жарамсыз деп танылған кезде доғарылады.

4-бап. УНИВЕРСИТЕТ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

1. Университеттің акционері мынаған құқылы:
 - 1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында (бұдан әрі – Заң) және Университеттің Жарғысында көзделген тәртіппен Университетті басқаруға қатысуға;
 - 2) Университеттің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;
 - 3) дивидендтер алуға;
 - 4) Университеттің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында немесе Университеттің Жарғысында белгіленген тәртіппен Университеттің қаржы есептілігімен танысуға;
 - 5) орталық депозитарийден оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 6) Университет Акционерлерінің жалпы жиналысына Университеттің Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
 - 7) Университеттің органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
 - 8) Университеттің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Университеттің лауазымды адамдарының Университетке келтірілген залалдарды Университетке өтеуі және Университеттің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Университетке қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
 - 9) Университетке оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Университетке сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 10) Университет таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
 - 11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Университеттің акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
 - 12) Акционерлердің жалпы жиналысының Заңда көзделген тәртіппен Университет акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.
2. Университеттің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер Университеттің Директорлар кеңесінің және Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:
 - Университеттің Директорлар кеңесінің және Басқармасының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Университет акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;
 - егер Университеттің Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Университетте залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.
3. Университеттің ірі акционерінің, сондай-ақ:
 - 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
 - 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 3) өз есебінен аудиторлық ұйымымен Университеттің аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.
4. Осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарды Акционерлердің жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға орындауға міндетті.
5. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Университетте таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Университет таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
6. Университетте артықшылықты акциялар шығарылмайды. Егер Акционерлердің жалпы жиналысы артықшылықты акция шығару туралы шешім қабылдаған болса, мұндай артықшылықты акция Заңның 13 баптағы 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерге Университетті басқаруға қатысу құқығын бермейді.
7. Университеттің акционері:
 - 1) акцияларды төлеуге;

- 2) орталық депозитарийге Университеттің акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;
 - 3) Университет немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.
8. Акционердің осы баптың 7-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Университет және орталық депозитарий жауапты болмайды.
 9. Университет акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен иелену құқығын іске асыру тәртібін және одан бас тартуды уәкілетті орган белгілейді.

5-бап. УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

1. Университеттің басқару органдары:
 - 1) жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;
 - 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
 - 3) атқару органы – Басқарма;
 - 4) оқу-кеңестік органы – Ғылыми кеңесі болып табылады.
2. Университет сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да органдарын құра алады.
3. Басқару органдарының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Университеттің ішкі ережелерімен регламенттеледі.

6-бап. УНИВЕРСИТЕТ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ, ОНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Университет акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:
 - 1) Университеттің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
 - 2) Университеттің аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Университеттің бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
 - 3) акционерлердің Университеттің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.
 Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің және Университет Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы Университеттің акционерлеріне хабарлайды. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.
3. Жыл сайынғы Акционерлердің жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есептік кезең ішінде Университетке аудит жасау ісін аяқтау мүмкіндік болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға ұзартылды деп саналады.
4. Жылдық, кезектен тыс және қайта шақырылған Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу және өткізу тәртібі, оны өткізу және кворум белгілеу туралы ақпарат беру ісін Заң талабына сәйкес жүргізіледі, бұл орайда акционер онда дауыс беру барысында өзіне тиесілі дауысқа ие акциялар санына тең дауысқа ие болады.
5. Университет акционерлері акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының отырысына Университеттің ішкі құжаттарында айқындалған байланыс құралдарын пайдалана отырып қашықтықтан қатысуға құқылы.
6. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы. Акционерлердің жалпы жиналысында Университет Басқармасының мүшелері Университет акционерлерінің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғадан Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.
7. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға сәйкес Университеттің ішкі қызметін реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімі бойынша белгіленеді.
8. Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасын, хатшысын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру кезінде шешім дауыс беру құқығына ие қатысушылар санының жай көпшілік дауыс беру арқылы қабылданады.
9. Осы баптың 10-тармағының 1) – 4)-тармақшаларындағы мәселелер Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беруі арқылы шешіле алмайды. Мәселелердің бұл тізіміне басқа да мәселелер қосыла алады.
10. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:
 - 1) Университет Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
 - 2) Университеттің корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Университетті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Университеттің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Университеттің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Университеттің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
 - 6) Университеттің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
 - 8) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 9) Университеттің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 10) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 11) Университеттің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Университеттің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 12) Университеттің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 13) Университет акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 14) Университетке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Университеттің өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 15) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Университеттің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;
 - 16) Университет акцияларды Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
 - 17) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 18) акционерлерге Университет қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;
 - 19) нәтижесінде Университет активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлкті нәтижесінде Университет сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Университеттің жасасуы туралы шешім қабылдауы;
 - 20) шешім қабылдау Заңда және осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
11. Осы баптың 10-тармағының 1) - 4) және 16) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Университеттің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.
 12. Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Университеттің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
 13. Акционерлердің жалпы жиналысы орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде осы баптың 10-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандары шегеріле отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.
 14. Шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Университет қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
 15. Акционерлердің жалпы жиналысы Университеттің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Университеттің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

7-бап. УНИВЕРСИТЕТ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің, ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады. Ерікті түрде таратылу процесіндегі Университет акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Университеттің тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін. Қазақстан Республикасының заң актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.
2. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:
 - 1) Университеттің Басқармасы;
 - 2) Университетпен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
 - 3) Директорлар кеңесі;
 - 4) Университеттің тарату комиссиясы жүзеге асырады.
3. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Университет көтереді.
4. Университеттің органдары Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың осы Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін. Егер Университеттің органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Университеттің ірі акционерінің талабын орындамаса, Университет Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
5. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап Университеттің Басқармасы орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

6. Директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша шақырылған Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамаларына өзгерістер енгізуге және ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқылы емес.
Қойылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жиналысы шақырылған кезде Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.
7. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ірі акционер (акционерлер) қойған жағдайда, ол қол қоюға және мұндай жиналысты шақыруды талап етуші акционерлердің (акционердің) атаулары және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуге тиіс.
Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуші адам (адамдар) қол қояды.
8. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті.
9. Университеттің Директорлар кеңесінің ірі акционердің талап етуі бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі:
 - 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты қоюдың осы бапта белгіленген тәртібі сақталмаған;
 - 2) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуге ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қабылдануы мүмкін.Университеттің Директорлар кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.
10. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Университет акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.
11. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға Университеттің оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.
12. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысы, шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Басқарма орналасқан орны бойынша өткізілуге тиіс.
Жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналысты өткізу уақыты Университеттің Акционерлер жалпы жиналысының Хатшысына жиналысқа қатысушыларды тіркеуді, санын есептеуді және оның кворумын айқындауды жүргізуге жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.
13. Университет акционерлері акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының отырысына Университеттің ішкі құжаттарында айқындалған байланыс құралдарын пайдалана отырып қашықтықтан қатысуға құқылы.
14. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.
15. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.
Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.
16. Шешімі қатысу немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Университет акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:
 - 1) Университет Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) Университет акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 3) Университет акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, Университет акционерлерінің өткізілуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
 - 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
 - 5) Университет акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) Университет акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
 - 7) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
 - 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;
 - 9) оларға сәйкес Университет акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары болуға тиіс.
17. Аралас дауыс беру кезінде Университет акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада осы баптың 16-тармағында көзделген ақпаратқа қосымша ретінде бюллетеньдерді берудің соңғы күні көрсетіледі.
18. Шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Университет Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:
 - 1) Университет Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) Университет акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 3) Университет акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

- 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді берудің басталған және аяқталған күні;
 - 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
 - 6) Университет акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 7) Университет акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
 - 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;
 - 9) Университет акционерлерінің жалпы жиналысы соған сәйкес өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.
19. Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге өтініш жасауға құқылы. Миноритарлық акционердің өтініш жасау және орталық депозитарийдің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.
 20. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.
 21. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге тиіс.
 22. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.
 23. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша алған ұсыныстары туралы баяндауға міндетті.
 24. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Университеттің жиналысында өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.
 25. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:
 - 1) Университет акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, Университеттің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;
 - 2) егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және Университеттің дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.
 26. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.
 27. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.
 28. Күн тәртібінде "әр түрлі", "өзге", "басқалары" деген сөздерді қоса алғанда, кең түсінік беретін тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.
 29. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Университеттің Басқармасы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс, құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар Университетке жүктеледі.
 30. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Университеттің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
 31. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы, егер:
 - 1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
 - 2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Университеттің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
 32. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде Университет алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады. Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

8-бап. ДАУЫС ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс есептеу Акционерлердің жалпы жиналысының Хатшысымен жүзеге асырылады.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының Хатшысы:
 - 1) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген адамдардың өкілеттігін тексереді;
 - 2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды береді;
 - 3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің дұрыстығын анықтайды және дұрыс бюллетеньдер мен күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша оларда көрсетілген дауыстарды санайды;

- 4) Акционерлердің жалпы жиналысы кворумының, оның ішінде жиналыс өткізілген барлық уақыттың ішінде болуын да анықтайды және кворумының болғаны немесе болмағаны туралы хабарлайды;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;
 - 6) Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс берудің қорытындысын шығарады;
 - 7) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды;
 - 8) дауыс беру бюллетеньдерін және дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы Университеттің мұрағатына береді.
3. Акционерлердің жалпы жиналысының Хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

9-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Акционерлердің жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі осы Заңға, Университеттің Жарғысына және Университеттің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не Акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіммен белгіленеді.
2. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.
Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.
Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
3. Егер дауыс беру үшін бұрын бюллетень жіберген акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның бұрын жіберген бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.
4. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.
5. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды және ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді.
Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.
Жиналысқа қатысып отырған акционерлердің барлығы Басқарма құрамында болған жағдайды қоспағанда, Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
6. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.
7. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
8. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.
9. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

10-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері ашық немесе сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.
2. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Университеттің дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.
3. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға:
 - 1) пошта байланысының құралдары қолданылған кезде – Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей;
 - 2) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде – Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.
4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:
 - 1) Университет Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;

- 4) Акционерлердің жалпы жиналысы отырысының өткізілетін күні не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
 - 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
 - 8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
 - 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.
5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке адам - акционер осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс. Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қоюға тиіс.
Жеке тұлға – акционердің не заңды тұлға – акционер басшысының немесе жеке тұлға – акционер өкілінің не заңды тұлға – акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.
 6. Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.
 7. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс.
 8. Егер Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түскен болса, онда дауыстарды уақытынан ертерек күні санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.
 9. Дауыс беру қорытындылары бойынша жиналыстың Хатшысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.
 10. Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда Хатшы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.
 11. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де), соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және Университеттің мұрағатына сақтауға тапсырылады.
 12. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.
 13. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысының барысында жария етіледі.
 14. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында оларды қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы жеткізіледі.
 15. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс және ода Заңның 52 бабында көзделген мәліметтер көрсетілу керек.
 16. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен Хатшысы қол қоюға тиіс.
 17. Акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына Акционерлердің жалпы жиналысының Хатшысы қол қоюға тиіс.
 18. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Университеттің Басқармасында сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

11-бап. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ, ОНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

1. Осы Жарғыда және Заңда Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Университеттің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - 1) Университет қызметінің басым бағыттарын және Университеттің даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Университеттің даму жоспарын бекіту;
 - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3) Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) Университеттің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Университеттің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 7) Университеттің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

- 8) Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) Басқарманың басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
 - 10) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, оның басшысы мен мүшелерін қызметке тағайындау, және де олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, оның қызметшілеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - 11) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
 - 12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Университеттің акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 13) Университеттің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Университет қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Университеттің бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 14) Университеттің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 15) Университеттің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;
 - 16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Университетке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 17) Университеттің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
 - 18) Университет немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
 - 19) жасау туралы шешім Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес Университет Акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Университет мүдделі мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау;
 - 20) Заңда және (немесе) Университеттің Жарғысында көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
3. Осы баптың 2 тармағында белгіленген мәселелер тізімі Университет Басқармасының шешуіне беруге болмайды.
 4. Осы Жарғыға сәйкес Университет Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
 5. Директорлар кеңесі:
 - 1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Университеттің меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;
 - 2) Университеттегі корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

12-бап. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

1. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Университетте Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.
2. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Университеттің Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатында белгіленеді.
3. Жеке адам ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Университеттің осы Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.
Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:
 - 1) акционерлер – жеке адамдар;
 - 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;
 - 3) Университеттің акционері болып табымайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.
6. Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.
Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысты Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа толығымен беруге немесе оларды бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп кандидат тең дауыс санын жинаған болса, бұл кандидаттарға қатысты тең дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге ұсыну арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.
7. Басқарма басшысынан басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарманың Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
8. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Университеттің директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.
9. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

10. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.
11. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санының жай көпшілік даусымен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің осы мүшелерінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.
12. Директорлар кеңесі құрамына сайланған адамдар шектеусіз көбірек қайта сайлана алады.
13. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын немесе ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.
14. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
15. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша, не:
 - 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - 2) Университеттің ішкі аудит қызметінің;
 - 3) Университетке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
 - 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.
16. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.
17. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.
18. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарымен қоса, отырыс өткізілетін күнге дейін екі күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.
19. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.
20. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Университеттің Жарғысында белгіленеді, бірақ ол Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.
21. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусының шешуші дауыс болып саналады.
22. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуға тиіс. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса тіркеледі.
23. Директорлар кеңесінің отырыстары ашық, солай секілді сырттай қатысу арқылы өткізіледі. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап жеті күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:
 - 1) Университет Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
 - 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
 - 4) отырыстың күн тәртібі;
 - 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
 - 6) қабылданған шешімдер;
 - 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.
24. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Университетте сақталады. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Университеттің уәкілетті уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.
25. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Университеттің Директорлар кеңесінің Заңда және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Университеттің Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

26. Акционер Университеттің Директорлар кеңесінің Заңның және осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім Университеттің және (немесе) осы акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

13-бап. УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСҚАРМАСЫ

1. Ағымдағы қызметке алқалы атқару органы – Басқарма басшылық етеді. Университет Басқармасына Төраға - Университеттің Ректоры басшылық жасайды.
2. Басқарма Университет қызметінің осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде және Университеттің Жарғысында Университеттің басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.
3. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
4. Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың Университет белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Университет өзінің Басқармасы осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамды екеніне дауласуға құқылы.
5. Университеттің акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.
Басқарманың мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.
Университеттің Басқарма Төрағасы атқарушы орган басшысының не атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның, лауазымын атқаруға не қызмет нысанасы қаржылық қызметтерді көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлға филиалы басшысының лауазымын атқаруға құқылы емес.
6. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен, Университеттің осы Жарғысымен, сондай-ақ аталған адам мен Университет арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Университет атынан Басқарманың Төрағасы- Ректормен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған жалпы жиналыс немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарманың Төрағасы-Ректор қол қояды.
7. Басқарма Төрағасы – Университеттің Ректоры:
 - 1) алқалы басқару қағидаттарында Университетпен басқаруды жүзеге асырады;
 - 2) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
 - 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Университет атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Университет атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
 - 5) Университет қызметкерлерін (атқарушы органының мүшелері болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Университеттің штат кестесіне сәйкес Университет қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен Университеттің ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Университет қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
 - 6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
 - 7) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;
 - 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысын ұйымдастырады және көрсетілген жұмысты жеке жауапкершілігіне алады;
 - 9) білім алушылардың даярлық сапасын, "Білім туралы" Заңның 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының сақталуын, қаржылық тәртіптің, шарт талаптарында көзделген Университет қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен білім алушылар құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді және қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге өкілеттіліктерді жүзеге асырады;
 - 10) осы Жарғыда және Университеттің Акционерлер жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14-бап. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ

1. Университеттің Ғылыми кеңесі Университеттің алқалық басқарудың бір нысаны болып табылады, оның қызметінің мақсаты:
 - 1) кәсіби оқу бағдарламаларын табысты іске асыру мақсатында профессорлық-оқытушылық құрам және Университеттің білім алушылары үшін қажетті жағдайларды жасау;
 - 2) Университеттің одан әрі дамуына ықпал ету болып табылады.
2. Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамаларын, Университеттің Ғылыми кеңесі туралы Ережені (ары қарай - “ҒК ережесі”), сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.
Ғылыми кеңестің қызметі оның құзырына кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың ашықтығына негізделеді.
3. Ғылыми кеңес Басқарма Төрағасы - Университет Ректорының бұйрығымен құрылады. Ғылыми кеңестің құрамы үш жыл мерзімге сайланады және тақ санды мүшелерден тұрады. Қажетіне қарай Басқарма Төрағасы - Университет Ректорының бұйрығымен оның құрамына жеке өзгерістер енгізілуі мүмкін.
4. Ғылыми кеңесінің Төрағасы (осыдан ары қарай – Төраға) Басқарма Төрағасы - Университеттің Ректоры болып табылады. Төраға өзінің орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда, оның міндетін орынбасары атқарады. Төраға Ғылыми кеңестің жұмысын ұйымдастырады және Қазақстан Республикасының заңнамаларына және ҒК ережесіне сәйкес оның жұмысын қамтамасыз етеді.
5. Хатшы Ғылыми кеңесімен сайналаданы және ол Ғылыми кеңестің іс қағазын жүргізуге жауапты болады.

6. Ғылыми кеңес өз жұмысын оқу жылына бекіткен жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.
7. Ғылыми кеңестің отырысы сәйкелес оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес бір айда кемінде бір рет өтеді.
8. Ғылыми кеңестің отырысы егер оған Ғылыми кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса заңды күші бар болып табылады. Дәлелді себептер бойынша Ғылыми кеңестің мүшесі отырысқа қатыса алмайтын болса ол туралы алдын ала Төрағаға хабарлауы керек.
9. Ғылыми кеңестің шешімдері егер оған Ғылыми кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе қабылданған болып есептеледі.
10. Ғылыми кеңестің құзырына мыналар жатады:
 - 1) Университеттің Жарғысына толықтырулар мен өзгертулер бойынша ұсыныстарды енгізу;
 - 2) Университеттің құрылымы бойынша ұсыныстар енгізу: оқу және ғылыми бөлімшелерін (зертханалар, кафедралар, факультеттер және тағы басқалар) құру, қайта ұйымдастыру және тарату;
 - 3) Университеттің даму тұжырымдамасын айқындау;
 - 4) Университеттің оқу-тәрбиелік, ғылыми-зерттеу қызметтерін ұйымдастырудағы барлық негізгі болып келетін мәселелерді шешу;
 - 5) Басқарма төрағасының - Ректордың, проректорлардың, құрылымдық бөлімшелер басшыларының және оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие, қаржы, шаруашылық, ақпарат, халықаралық және басқа да қызмет түрлерін жүргізудегі бағыттары, нысандары және әдістері туралы жыл сайынғы есебін тыңдау;
 - 6) оқу-әдістемелік әзірлемелерді және оқу құралдарын, оқулықтарды шығаруды ұсыну және қарастыру;
 - 7) ақылы негізде оқитын оқушыларды білім беру гранттарына және оқытудың экстернат нысанына ауыстыру туралы шешім қабылдау;
 - 8) докторанттардың диссертациялық зерттеулері бойынша және магистранттардың ғылыми жетекші-кеңесшілерін және тақырыптарын бекіту;
 - 9) уәкілетті органның алдында ғылыми атақтарды тағайындауға кандидаттарды ұсыну;
 - 10) Университеттің құрметті профессоры атағын тағайындау және бекіту;
 - 11) Қазақстан Республикасының Президенті тарапынан құрылған атаулы стипендиялар мен сыйақыларды алуға оқушылар арасынан кандидаттарды тағайындау және бекіту;
 - 12) Университеттің қызметкерлерін, шығармашылық ұжымды үкіметтік наградаларға және құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселелерді қарау;
 - 13) Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының жылдық оқу жүктемесін белгілеу;
 - 14) алқалық шешімді талап ететін Университеттің ағымдық қызметінің өзге де мәселелерін қарау.
11. Ғылыми кеңестің шешімдері хаттама түрде ресімделеді, оған Ғылыми кеңестің төрағасы мен хатшысы өз қолдарын қою керек.

15-бап. АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

1. Университет акционерлерінің мүддесіне қатысты Университеттің қызметі туралы ақпаратты Университет өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.
Университет акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпарат деп мыналар танылады:
 - 1) Университеттің корпоративтік оқиғалар туралы мәліметтер;
 - 2) Университеттің Басқарма мүшелеріне жылдың қорытындысы бойынша сыйақының соммалық мөлшері туралы мәлімет;
 - 3) Университеттің үлестес тұлғалары туралы мәлімет;
 - 4) Университеттің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентке ие акционерлердің құрамы туралы мәлімет;
 - 5) Университетке тиесілі ұйымдар, әрбір осындай ұйымның акцияларының (үлестерінің) он және одан да көп пайызы туралы мәлімет;
 - 6) Университеттің жылдық қаржылық есептілігі мен аудиторлық есептер туралы мәлімет;
 - 7) бір мезгілде мынадай шарттарға жауап беретін ірі мәмілелер мен мәмілелер жасау туралы мәлімет: Университеттің уәкілетті органы осындай мәмілелер жасау туралы шешім қабылдаған күніне Университет активтерінің жалпы баланстық құнынан, олар жасауға Университет мүдделі және құны мүлктің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер;
 - 8) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес ақпарат деп танылады.
2. Университет акционерлерінің мүдделеріне қатысты қызмет туралы ақпарат беруі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жария ету арқылы жүзеге асырылады.

16-бап. УНИВЕРСИТЕТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІМЕН ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫМЕН ОЛАРДЫҢ ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

1. Университеттің үлестес тұлғалары - шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) сондай-ақ бір-бірімен (тұлғалардың біреуімен) қабылданатын шешімдерге ықпал жасай алатын, оның ішінде күші бар жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар Заңның 64-баптың 1 және 1-1-тармақтарында белгіленген жеке немесе заңды тұлғалар болып табылады.
2. Университеттің акционерлері және лауазымды тұлғалары Университетке Заңның 64-баптың 1 және 1-1-тармақтарында анықталған өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпарат беруге міндетті.
3. Университеттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.
4. Университеттің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті Университетке табыс етуге міндетті.
5. Университеттің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті.

17-бап. БІЛІМ ПРОЦЕСІНІҢ МАҚСАТЫ, БЕРІЛЕТІН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Университетте:
 - 1) жоғары білім беру,
 - 2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру,
 - 3) қосымша білім беру,
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және әлемдегі практикаға сәйкес өзге де білім беретін бағдарламалары таратылады.
2. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін пәндер циклін, базалық пәндер циклін, бейіндеуші пәндер циклін зерделеуді, сондай-ақ оқыту нәтижелеріне және ұлттық біліктілік шеңберіне және салалық біліктілік шеңберлеріне сәйкестікке бағдарлана отырып, кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша кәсіптік практикадан өтуді көздейді.
Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары міндетті құрауыштың және таңдау бойынша құрауыштың пәндерін қамтиды. Білім алушы таңдау бойынша құрауыш шеңберінде жеке оқыту траекториясын айқындау кезінде: 1) негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді; 2) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдай алады.
3. Университет білім беру жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған оқытудың жаңа технологиялары мен әдістері қамтылатын инновациялық білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге құқылы.
4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары біліктілігі жоғары педагогтер, ғылыми қызметкерлер мен басшы кадрлар даярлауға, олардың ғылыми, педагогтік және кәсіптік даярлық деңгейін дәйектілікпен арттыруға бағытталған.
Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұны: базалық және бейіндеуші пәндерді қамтитын теориялық оқытуды, оқыту нәтижелеріне және ұлттық біліктілік шеңберіне және салалық біліктілік шеңберлеріне сәйкестікке бағдарлана отырып, кәсіптік практиканы, диссертация (бейіндік магистратураның білім беру бағдарламаларына арналған жобаны) жаза отырып, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысын көздейді.
5. Қосымша білім беретін білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне және ұлттық біліктілік шеңберіне және салалық біліктілік шеңберлеріне сәйкестікке бағдарлана отырып, білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.
Қосымша білім беретін білім беру бағдарламалары мазмұнына және бағытына қарай:
 - 1) білім алушыларға қосымша білім беру бағдарламалары;
 - 2) қазіргі заман талаптарына сай келетін кәсіптік құзыреттерді дамытуға бағытталған мамандардың біліктілігін арттыру бағдарламалары;
 - 3) қазіргі заман талаптарына сай келетін кәсіптік құзыреттерді дамытуға бағытталған мамандардың біліктілігін арттыру бағдарламалары;
 - 4) жетекші ғалымның жетекшілік етуімен мамандандырылған тақырып бойынша ғылыми білімді тереңдетуге, ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталған докторлықтан кейінгі бағдарламалар болып бөлінеді.
6. Университетте тиісті лицензиялары болған жағдайда әртүрлі деңгейдегі білім беретін оқу бағдарламалары іске асырылуы мүмкін.

18-бап. БІЛІМ БЕРУ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Университет өз құрылымын дербес қалыптастырады және бекітеді. Бұл ретте құрылымдық бөлімшелер Университет қызметінің барлық бағыттары мен түрлерін қамтиды.
Университетте өзінің құрылымдық бөлімшелері ретінде білім бағдарламаларын жүзеге асыратын факультеттер, кафедралар, ғылыми орталықтар, оқу-әдістемелік бөлім (басқарма) және оқу жұмысы мен ғылыми зерттеулерді ұйымдастырумен және өткізумен айналысатын басқа да құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ әлеуметтік және тұрмыстық инфрақұрылымдары бар. Қажеттілік және орынды жағдайлар бойынша жарғылық мақсаттарға сәйкес басқа құрылымдық бөлімшелер құрылуы мүмкін.
 - 1.1. Факультет Университеттің негізгі оқу, ғылыми және әкімшілік бөлімшесі болып табылады, ол бір немесе бірнеше мәнделес мамандықтар бойынша оқушылар даярлауды, сондай-ақ факультеттің мамандықтарына қатысы бар кафедралардың ғылыми-зерттеу жұмысына басшылық жасауды жүзеге асырады.
Мамандарды даярлау күндізгі, кешкі оқыту нысандар бойынша және экстернат нысанында, сондай-ақ сырттай оқу нысанында жүзеге асырылады (бітірушілер үшін).
 - 1.2. Кафедра бір немесе бірнеше мәнделес пәндер бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми жұмысты, білім алушылар арасында тәрбие жұмысын жүзеге асыратын, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық кадрларын даярлауды және олардың мамандылықтарын жоғарылатуды жүзеге асыратын Университеттің (факультеттің) негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
 - 1.3. «ПолиЛингва» баспасы – ғылыми, оқу, оқу және әдістемелік әдебиеттерді дайындайтын және басып шығаратын Университеттің құрылымдық бөлімшесі. Баспаның негізгі міндеті Университеттің редакциялық-баспа қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру, мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес келетін оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару, сондай-ақ ғылыми-аналықтамалық басылымдарды, оқу процесін мен ғылыми-зерттеу жұмысын қамтамасыз ету мүддесіне арналған әдебиеттердің басқа да түрлерін шығару болып табылады.
Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі ереже негізінде және Жарғы мен Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес реттеледі.
2. Университетке қабылдау тәртібі.
 - 2.1. Университетте оқуға азаматтарды қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) бекіткен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім

- беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленген Университетке қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 2.2. Университет тиісті құжаттарды қоса тіркей отырып, білім беру саласындағы уәкілетті органның бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесінде білім алушыларды қабылдауды, ауыстыруды және қайта қабылдауды қамтамасыз етеді.
 - 2.3. Университетке адамдарды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.
 - 2.4. "Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар Университетке қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.
 - 2.5. Университетке жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бұйрығымен іске асырылады. Қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.
 - 2.6. Шетел азаматтарын ақылы негізде Университетке қабылдау оның қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.
 - 2.7. Оқушыларды Университеттің есебіне алуы Басқарма Төрағасының - Университет Ректорының бұйрығымен іске асырылады. Қабылдау туралы бұйрық, оқу ақысын толық немесе бөлшекті төленгеннен кейін күшіне енеді.
Оқу үшін ақы төлеу мөлшерін және білім беру қызметтерін көрсету шартының нысанын Университет бекітеді.
3. Білім беру процесін ұйымдастыру.
- 3.1. Университеттің білім беру қызметі Академиялық саясат негізінде жүзеге асырылады, ол білім беру қызметін жоспарлау мен басқару және студентке бағдарланған оқытуды іске асыруға және білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар, қағидалар және рәсімдер жүйесін білдіреді.
Академиялық саясат Университеттің алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып, қолданыстағы білім беру саласына қатысты заңнамаға сәйкес әзірленеді және сақталады.
Академиялық саясаттың құрылымы мен бағыттарын Университет айқындайды.
 - 3.2. Университеттің білім беру қызметі ҚР БҒМ-нің бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
 - 3.3. Университет ҚР БҒМ-нің бұйрығымен бекітілген Қашықтықтан білім беру бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес қашықтан оқыту (бұдан әрі – ҚО) бойынша оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.
 - 3.4. Университетте оқыту қазақ және орыс жүргізіледі (оқушының таңдауымен). Оқу жоспарда шетел тілдерін (ағылшын, неміс, француз, қытай, жәпон, корей, түрік, араб, испан және т.б. тілдерді) оқып білу көзделеді. Университет мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуді және дамытуды қамтамасыз етеді.
 - 3.5. Университет оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын, оқу жұмысы, оқыту технологиялары арасында, оның ішінде ҚБТ пайдаланумен уақыт көлемінің арасалмағын анықтайды.
Оқу жүктемесі, білім алушылардың дәрістерінің режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының нұсқаулары негізінде дайындалған Университетпен бекітілген ережелермен анықталады.
 - 3.6. Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) мәтінді пайдалану және басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны (парафраз) өзгертусіз сөйлемдерді және пікірлерді синонимдік ауыстырумен бөтен мәтінді пайдалану (бұдан әрі – бөтен мәтінді пайдалану) нысанына тексеруден өтеді.
Бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің қағидаларын Университет әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.
Бөтен материалды пайдалануды анықтау жүйелерінде тексерілген дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының базасында сақталады.
Оқытушылардың және ғылыми қызметкерлердің басылымға шығаруға ұсынылған ғылыми жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалануды анықтау жүйелерінде тексеруге рұқсат етіледі.
 - 3.7. Университет оқытушысы білім беру бағдарламалары, оқу бағдарламалары (силлабус) және ең үздік халықаралық білім беру практикасы негізінде оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын, оқыту әдістерін таңдау еркіндігіне ие.
 - 3.8. Университеттің оқу-әдістемелік жұмысы Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұйымдастырылады.
 - 3.9. Университеттің тәрбие қызметі оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және патриотизм, азаматтылық, интернационализм, жоғары мораль және адамгершілік, конфессияаралық толеранттылықтың құқықтық мәдениетін, сондай-ақ білім алушылардың жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.
 - 3.10. Тәрбие қызметі білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының адами қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.
Университеттегі тәрбие жұмысы қазақстандық бірегейлік пен бірлік, "Рухани жаңғыру" қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы рухани-адамгершілік құндылықтары, салауатты өмір салтының

мәдениетін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне атымен төзбеушілік негізінде жүзеге асырылады.

- 3.11. Университет білім алушылар өз еркімен құрған студенттік өзін-өзі басқару органдарының қызмет етуін қамтамасыз етеді. Студенттік өзін-өзі басқару органдары студенттер құрамынан төрағаны және төраға орынбасарын тағайындайды және оларға білім алушылардың мүдделері жөніндегі мәселелерді талқылау кезінде Университеттің алқалы басқару органның отырыстарына қатысуға рұқсат етіледі.
4. Білім алушылардың білімін бақылау, аралық аттестаттау және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүйесі, оларды жүргізу нысандары мен тәртібі.
- 4.1. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің тәртібін Университет өзінің Академиялық саясатына және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласына және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша айқындайды және сақтайды.
Бұл ретте Университет білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, сабаққа қатысуы туралы мәліметтерді білім беру саласындағы уәкілетті органның білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізеді.
Тілдер бойынша (қазақ, шет тілі, орыс) білім алушылардың оқудағы жетістіктері шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік үлгісі мен ECTS (иситиэс) аудару және дәстүрлі бағалар шкаласына сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.
Тілді меңгеру деңгейі шет тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыретіне (бұдан әрі - ЖЕК) (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес болады.
- 4.2. "FX" "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайталап өтпей-ақ Университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) бір реттен артық емес қайта тапсыруға рұқсат беріледі.
"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.
- 4.3. Бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға рұқсат берілмейді.
- 4.4. "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тұлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ диплом жұмысын (жобасын), магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға, қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.
- 4.5. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау үшін Университетте білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады, оның жұмыс тәртібі мен құрамын Университет белгілейді.
- 4.6. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын игергенің растаған және қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға аттестаттау комиссияның шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері тағайындалады және қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі.
Диплом қосымшасында оқудың және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының барлық түрлері бойынша көлемі академиялық кредит және сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.
- 4.7. Қорытынды аттестаттаудан "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушы "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: диплом жұмысын (жобасын) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғай алмаған" немесе "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: кешенді емтиханды тапсыра алмаған" деп бұйрықпен Университеттен оқудан шығарылады.
- 4.8. Университет факультетінің базасында білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің өзге де академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын, білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуіне, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыратын академиялық сапа жөніндегі кеңес құрылады.
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және Университеттің басқа академиялық қызметкерлері кіреді. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырысына Университеттің әкімшілік-басқару қызметкерлерінің өкілдері қатысады.
- 4.9. Университет ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін арнайы жағдайлар жасайды және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.
5. Білім алушыларды оқудан шығару негізі мен тәртібі.
- 5.1. Білім алушы Университеттен келесі жағдайларда оқудан шығарылады:
- 1) академиялық үлгермеушілігі;
 - 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
 - 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен Университеттің жарғысын бұзғаны үшін;
 - 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
 - 5) өз еркімен.
- 5.2. Университеттен шығарылған білім алушыға Басқарма Төрағасы- Университеттің Ректоры қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт жазылады.
Транскрипте FX және F бағаларымен қоса барлық қорытынды бағалары көрсетіліп, білім алушы игеріп алған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.
6. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі.
- 6.1. Университет келесі ақылы қызметтерін көрсетеді:
- 1) жоғары және оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу бағдарламалары бойынша қызмет көрсету;

- 2) қосымша білім беру бойынша қызмет көрсету;
- 3) жазғы демалысты ұйымдастыру қызметін көрсету;
- 4) ғылыми, көркем әдебиеті, газеттер мен журналдарда басылып шыққан мақалаларды, конференциялардың тікелей және мағынасы бойынша аудармалардың барлық түрлерін жасау;
- 5) баспа өнімдерін шығару және тарату;

6.2. Ақылы қызметтерін көрсету тәртібі ақылы қызметтер көрсетудің келісім-шартымен реттеледі.

7. Университеттің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен (олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен) қатынастар екі жақпен оқуға жасалған келісім-шарттар негізінде реттеледі. Азаматты Университетке қабылдаған кезде сол азамат және (немесе) оның ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері Университеттің Жарғысымен, білім қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясымен және Университетке қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыруды белгілейтін басқа да құжаттармен танысуға құқылы. Оқу төлемі құрамына стипендиялық жарна қосылуы мүмкін. Ол қосылған жағдайда стипендия оқушының үлгеріміне қарай төленеді.

19-бап. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ШТАТТЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

1. Университет өз бетінше кадр құрылымын құрайды. Университеттің персоналын (қызметкерлерін) басқару оның кадрлық саясатына сәйкес жүзеге асырылады, ол адам ресурстарын дамыту, рекрутингті, Университеттің басшы кадрларын, педагогикалық және ғылыми қызметкерлерін даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын меритократия қағидаттарына негізделеді.
2. Университет қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен, қолданыстағы заңнамаға сәйкес Университеттің ішкі тәртіп қағидаларымен немесе лауазымдық нұсқаулықпен белгіленеді.
3. Университет жұмысқа қабылдау кезінде педагогтардың кандидатураларына қойылатын талаптарды қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлер лауазымдарың біліктілік сипаттамаларын айқындау арқылы белгілейді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.
4. Университетте қолданыстағы лауазымды ақылардың схемасында көзделген қызмет орнының аталуына сәйкес штаттық қызмет орындар белгіленеді. Университетте профессорлық-оқытушылар құрамының (осыдан ары қарай - ПОҚ): кафедра меңгерушісі, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, оқытушы, ассистент; ғылыми құрамының: бас ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер және кіші ғылыми қызметкер сияқты қызметтері болады.
5. ПОҚ қызметіне қабылдау процедурасы ПОҚ лауазымдарға конкурстық тағайындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Университет ПОҚ лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларын дербес әзірлейді, бекітеді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.
6. Университет пен қызметкерлердің арасындағы қарым-қатынастардың түрі мен тәртібі жақтармен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек келісімдермен (ары қарай текст бойынша ЕК) анықталады.
7. Университеттің басшы, ПОҚ, әкімшілік-шаруашылық, оқу-қосымша және қызмет көрсету персоналының еңбектеріне ақы төлеу, жұмыс тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған ЕК негізінде іске асырылады.
8. ПОҚ аттестаттау, сондай-ақ жұмыстан босатуы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.
9. Университеттегі оқу процесі штаттық оқытушылармен, солай да сағат сайын төлем төлеу және де штаттық қос қызметтілікті жасаған жағдайлары бойынша шақырылатын жетекші ғалымдармен, дағдылармен, ірі мамандармен іске асырылады.
10. Университеттің оқытушысы өзінің кәсіптік қызметін жүзеге асырған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Университетпен еңбек қатынастарында болған кезеңде педагог мәртебесіне ие болады.
11. Университеттің педагогтары:
 - 1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етілуге;
 - 2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
 - 3) жеке педагогтік қызметке;
 - 4) тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;
 - 5) Университет басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
 - 6) қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзім ішінде, бірақ бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;
 - 7) педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;
 - 8) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;
 - 9) ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік стажы сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;
 - 10) Университет әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;
 - 11) білім алушылар және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан өз ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.
12. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагогтерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.
13. Университеттің педагог қызметкерлері:
 - 1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;
 - 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
 - 3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

- 4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 6) педагогтік әдеп қағидаларын сақтауға;
- 7) білім алушылар мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен кадр-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

14. Педагогтердің білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануына тыйым салынады.

20-бап. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТ

1. Университеттің бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.
2. Университеттің Басқармасы жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Басқарма қаржылық есептіліктен басқа Жалпы жиналысқа аудиторлық есепті табыс етеді.
3. Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Университеттің жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.
4. Университет жыл сайын шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ Заңда және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Университет активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.
5. Университет жылдық қаржылық есептіліктің аудит жүргізуге міндетті. Университетке аудит Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Университет есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Университет аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.
6. Егер Университеттің Басқармасы Университетке аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.
7. Университеттің өз қызметіне қатысты құжаттарды Университет өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Университеттің Басқармасы орналасқан жерде немесе оның Жарғысында белгіленген өзге де жерде сақтауға тиіс.

21-бап. УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДОҒАРЫЛУЫ

1. Университет қызметінің доғарылуы Университетті қайта ұйымдастыру немесе тарату арқылы жүргізіледі.
2. Университетті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Егер Университет қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акцияларының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен күші жойылуға тиіс.
3. Университетті ерікті түрде тарату туралы шешім Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кредиторлармен келісімдер бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.
4. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда Университетті мәжбүрлеп таратуды сот жүзеге асырады. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Университетті тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.
5. Соттың немесе Акционерлердің жалпы жиналысының Университетті тарату туралы шешімі бойынша тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы Университеттің таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген іс-әрекет жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады. Ерікті түрде таратылған жағдайда тарату комиссиясының құрамына Университет кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де адамдар енгізілуіне тиіс.
6. Университетті тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.
7. Университетті тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

8. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған Университеттің мүлкін таратуы комиссиясымен Заңда белгіленген кезектілікпен барлық акция иелерінің арасында оларға тиесілі акциялардың санына қарай бөлініп беріледі.
9. Университеттің таратылуы аяқталды, ал Университет өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

22-бап. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Университет өз қызметін жүзеге асырған кезде жарғы жаңа редакцияда бекітіліп тіркеуден өткен сәтіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.
2. Университеттің білім беру қызметіне байланысты және осы жарғыда көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен рәсімделеді.
3. Егер осы жарғының ережелерінің біреуі жарамсыз болып қалғанда, бұл басқа ережелерге әсер етпеу керек. Жарамсыз ереже заңға қатысты жарамды, мағынасы ұқсас ережемен ауыстырылу керек.

Басқарма Төрағасы - Университеттің Ректоры:

С.Кунанбаева

С.Кунанбаева *Саманча*

Статья 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

